

Ұлттық пошта операторының немесе пошта операторларының өтініштері бойынша халықаралық пошта алмасу орындарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2016 жылғы 9 желтоқсандағы № 277 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 22 желтоқсанда 14549 болып тіркелді.

"Пошта туралы" 2016 жылғы 9 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 1-тармағының 12) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Ұлттық пошта операторының немесе пошта операторларының өтініштері бойынша халықаралық пошта алмасу орындары осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Байланыс департаменті:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он күнтізбелік күні ішінде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануға жолдануын;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он күнтізбелік күні ішінде Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдануын;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Ақпарат және коммуникациялар

министрі

Д. Абаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

_____ Б. Сұлтанов

2016 жылғы "___" _____

Қазақстан Республикасы
Ақпарат және коммуникациялар
министрінің
2016 жылғы 9 желтоқсандағы
№ 277 бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасының халықаралық пошта алмасу орындары

Ескерту. Пошталық алмасу орындарына өзгеріс енгізілді – ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің 23.06.2017 № 230 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 17.10.2017 № 371 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен

№	ХПАО атауы	Мекенжайы (орналасуы)	Халықаралық пошта алмасу орнының белгілеуі	Тиесілігі (пошта операторы)
1.	Алматы ХПАО	Алматы облысы, Первомай кенттік округі, Іле ауданы, Іле тас жолы, 12-үй, 040706	KZALAG ALMATY PCI-1 - хат-хабарлар үшін; KZALAH ALMATY PCI-3 - халықаралық сауқаттар үшін; KZALAE ALMATY EMS - EMS жөнелтімдері үшін	"Қазпошта" Акционерлік қоғамы
2.	Алматы – Әуежай ХПАО	Алматы облысы, Алматы қаласы, "Алматы халықаралық әуежайы" Акционерлік қоғамы, Ахметов көшесі, 51-үй, 050039	KZALAA ALMATY PCI-1 - ІОПЖ жазбаша хат-хабарлар үшін; KZALAB ALMATY PCI-3 - халықаралық сауқаттар үшін; KZALAC ALMATY PCI-4 - ІОПЖ сауқаттар үшін; KZALAD ALMATY PCI-5 - халықаралық жазбаша хат-хабарлар үшін KZALAE ALMATY EMS - EMS жөнелтімдері үшін KZALAF ALMATY PCI-7 - бос қаптар үшін	"Қазпошта" Акционерлік қоғамы
			KZASTC ASTANA PCI-4 – жазбаша және сәлемдемелік	

3.	Астана ХПАО	Астана қаласы, Астана-Қарағанды тас жолы, 45/1 Ү й	пошта үшін; KZASTA ASTANA PCI-2 – халықаралық жазбаша хат-хабарлар үшін; KZASTB ASTANA PCI-3 – халықаралық сәлемдемелік пошта үшін; KZASTE ASTANA EMS – EMS жөнелтілімдері үшін.	"Қазпошта" акционерлік қоғамы
4.	Жаркент ХПАО	Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Панфилов ауданы, Пиджим ауылы, Сауда базасы алаңы №1	KZZRKA ZHARKENT PCI-5 – жазбаша хат-хабар үшін; KZZRKB ZHARKENT PCI-3 – халықаралық сәлемдемелер үшін; KZZRKE ZHARKENT EMS – EMS жөнелтілімдер үшін; KZZRKF ZHARKENT PCI-7 – бос ыдыс үшін	"Қазпошта" акционерлік қоғамы
5.	Орал ХПАО	Орал қаласы, Жуков көшесі, 23-үй, 090013	KZURAA URALSK PI-1	"Қазпошта" Акционерлік қоғамы
6.	Петропавл ХПАО	Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Вокзал алаңы, 1-үй, 150000	KZPPK PETROPAVLOVSK PSI 1 - хат-хабар үшін; PETROPAVLOVSK PSI 3 - сәлемдемелік пошта үшін	"Қазпошта" Акционерлік қоғамы
7.	Қарағанды – Әуежай ХПАО	"Аэропорт "Сары-Арқа Әуежайы" акционерлік қоғамы, 100422, Қарағанды облысы, Бұхар-Жырау ауданы, Үштөбе ауылы, есептік квартал 067, 025 жер телімі	KZKGF A KARAGANDA PCI-1 – ІОПЖ жазбаша хат-хабар үшін; KZKGF B KARAGANDA PCI-3 халықаралық сәлемдемелер үшін; KZKGF C KARAGANDA PCI-4 – ІОПЖ сәлемдемелер үшін; KZKGF D KARAGANDA	"Қазпошта" акционерлік қоғамы

			PCI-5 – халықаралық жазбаша хат-хабар үшін; K Z K G F E KARAGANDA EMS – E M S жөнелтілімдері үшін; K Z K G F F KARAGANDA PCI-7 – бос ыдыс үшін	
8.	Еркін экономикалық аймақ "Қорғас – Шығыс Қақпасы" "	Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Панфилов ауданы, Пенжім ауыл округі, есептік квартал 085, жер телімі 1330	KZZRKA KHORGOS PCI-5 – жазбаша хат-хабар үшін; KZZRKB KHORGOS PCI-3 – халықаралық сәлемдемелер үшін; KZZRKE KHORGOS EMS – EMS жөнелтілімдер үшін; KZZRKF KHORGOS PCI-7 – бос ыдыс үшін	"Қазпошта" акционерлік қоғамы

Ескертпе:

аббревиатулардың толық жазылуы:

ХПАО - Халықаралық пошта алмасу орны.